

Қазақ тілі мен әдебиеті

6-сынып

Бөлім: Қуат көзін үнемдей білеміз бе? М.Жұмабаев «От» өлеңі

Сабақтың тақырыбы: Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны.
(1-сабақ)

Оқу мақсаты:

6.2.5.1. - коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру.

Бағалау критерийі:

- диалогке қатысушылар ойларын толықтырып отырады.

ЖАҢА СӨЗДЕР:

жалға – продолжай, соедини

жетеле – веди за собой

соқ – ударь, бей, ковать

мазмұн – содержание

дәулетті - зажиточный

сауат ашу – учиться грамоте

жинақ – сборник

жалған айып – ложное обвинение

куғын-сүргін – репрессия, притеснение, изгнание

халық жауы – враг народа



**Күншығыстан таң келеді, Мен келем,
Көк күңіренеді, мен де көктей түнерем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем.**

М. Жұмабаев

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алаш, Алашорда үкіметі, «Алаш» партиясы туралы естідің бе?
2. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев туралы білесің бе?
3. Өлең жазатын адамды кім деп атайды?
4. Саған кімнің қай шығармасы ұнайды? Неге?



Дескриптор:

- сұрақтарға орынды жауап береді

ЖАЗЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ.

3-тапсырма. «Броундық қозғалыс». Сыныптастарыңның оқыған кітаптары туралы дерек жинап, кестені толтыр. Ең көп оқылған кітапты анықтаңдар. Диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қатысты сөз орамдарын, есімдіктерді қолданып, ойды толықтырыңдар.

Мәлімет кестесі

№	оқушының аты-жөні	оқыған кітабы туралы мәлімет: авторы, атауы	кітаптың тақырыбы	кітаптың кейіпкерлері
1.				
2.				
3.				

Дескриптор:

- дерек жинақтайды.
- кестені толтырады.
- ең көп оқылған кітапты анықтайды.
- диалог құрастырады.
- есімдіктерді қолданады, бір-бірін толықтырады.

Тілдік бағдар.

Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдіктері – заттар мен құбылыстарды жинақтап атау үшін қолданылатын сөздер.

Жалпылау есімдіктеріне *бәрі, барлық, барша, бар (бар адам), күллі, бүкіл, түгел* деген сөздер жатады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС. ОҚЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалпылау есімдігін (күллі, барлық, бәрі) қойып, оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап.

Кітап 100 жыл бұрынғы балалардың нені қалағаны, нені армандағаны туралы ақпарат бере алады. Кітап балаларды арманға жетелейді. Үлкендердің балаларына не тілейтінін де кітап арқылы біле аламыз.

Кейде өткен өмір жайлы кітаптарды қызыға оқимыз. Бірақ автор өткен өмірдің қорқынышы мен қуанышын толық біле бермеуі мүмкін. Ал көне кітаптың **мазмұнында** сақталады. Ескі құжаттардан таба алмаған нәрселер көркем шығармалардан табылады. Кітап – өз заманының **соғылған** ескерткіші, жаңа уақытқа жалғанған із.

(Айно Первик)

Дескриптор:

- қажетті жалпылау есімдігін табады
- сөздердің синонимін табады.

ТЫҢДАЛЫМ. АЙТЫЛЫМ.

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Мағжан Жұмабаев қазақ халқының лирик ақыны, аудармашы, ғалым, ұстаз, репрессия құбаны, бес арыстың бірі, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің бірі. Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданында дәулетті отбасында дүниеге келген.

Білім жолы: ауыл мұғалімі, Қызылжар медресесі, Уфадағы «Ғалия» медресесі, Омбыдағы мұғалімдер семинариясы, Мәскеудегі В.Я.Брюсов ашқан Жоғары көркем әдебиет институты. «Ғалия» медресесінде мұғалім болып жұмыс істеген татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің шәкірті болған. Алғашқы өлеңдер жинағы «Шолпан» деген атпен жарық көреді. Алғашқы өлеңдерінің бірі «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» деп аталады. Жастарға арналған өлеңдері: «Мен жастарға сенемін», «Қарағым» т.б. Поэмалары: «Қорқыт», «Батыр Баян», «Жүсіпхан», «Ертегі» т.б. Жүсіпбек Аймауытов: «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей **«тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін»** нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес ».

Дескриптор:

- сұрақтарға орынды жауап береді.



1. М. Жұмабаевтың білім алған оқу орны.

М

2. Өлеңдер жинағы.

А

3. Білімін жалғастырған Уфадағы медресе.

Ғ

4. Татар жазушысы, ақынның ұстазы.

Ж

5. Ақын қазақтың қай батыры туралы поэма жазған?

А

6. Мағжан кім?

Н

Рефлексия:

№	Тапсырма түрлері	толық орындадым	жартылай орындадым	түсінбедім
1.	Сұрақтарға жауап беру.			
2.	Сыныптастарының оқыған кітаптары туралы дерек жинап, кестені толтыру.			
3.	Көп нүктенің орнына тиісті жалпылау есімдігін қойып, оқу. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін табу.			
4.	Қорытынды сұрақтарға жауап беру.			

Оқу тапсырмасы:



Сөздік жаттау, 81-бет 2-тапсырма.

